



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Экономика және бизнес жоғары мектебі
«Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеу»
2022-2023 оқу жылының семестрі
5B051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру
бағдарламасы

Дәріс 3. Әлеуметтік саланы қаржыландырудың негіздері мен механизмдері

Менеджмент кафедрасы
Смагулов А. э.г.к.,доцент





**Жоспар
әлеуметтік жұмысты
қаржыландырудың негізгі құралы
ретінде. Өртүрлі елдермен Қазақстанға
қаржы формалы талдау жасау**



Осы такырыпка мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын субъектілер – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыс істейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

2) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспары – бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іс-шараларын іске асыруға арналған бюджет қаражатының жылдық көлемдері шегінде ақшалай түрдегі мемлекеттік мекеме қабылдаған міндеттемелердің ай сайынғы көлемдері;

3) облыстардың республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшелері – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары және облыстық маңызы бар аудандық, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (бұдан әрі – жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган);

4) төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспары – қабылданған міндеттемелерді орындау есебіне төлемдерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік мекемеге қажетті бюджет қаражатының жылдық көлемдері шегінде бюджет қаражатының ай сайынғы көлемдері;


5) халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді мониторингілеу (бұдан әр – мониторинг) – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, арнаулы әлеуметтік қызметтердің жай-күйін және даму перспективаларын талдау үшін қажетті, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну саласында тәуекел дәрежесін және заңнама талаптарының сақталуын бағалау мақсатында мәліметтерді жинау және өңдеу.

1. Әлеуметтік жұмысты қаржыландыру көзі







Мемлекет әлеуметтік жұмыстың, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі субъектісі ретінде қаржылық саясат арқылы әлеуметтік саланың экономикасына басқарушылық әсер етеді. Қаржылық реттеушілерге қаржы ресурстарын, ақша қаражатын, бағаны реттеуді бөлу және қайта бөлу процестері жатады. Әлеуметтік жұмыстағы қаржы-мемлекеттің бүкіл қаржы жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл әлеуметтік салада қаражат беру, ұйымдастыру және жұмсау жүйесі болып саналады.

Қаржыландырудың негізгі функциялары:





Қаржыландырудың негізгі функцияларын әлеуметтік салада іске асыру мына принциптерді қамтиды:

-  **Әлеуметтік ден қою қағидаты инфляцияға, өмір сүру құнының өсуіне, бюджет құнының ең төменгі күнкөріс деңгейінің өсуіне, еңбекке қабілетті халықтың жұмыспен қамтылу деңгейінің өзгеруіне және әлеуметтік қорғаудың материалдық ресурстарының ұлғаюына байланысты ақша қаражатын бөлудегі әлеуметтік нормативтерді қайта қарауды көздейді.**
-  **Әлеуметтік шығыстардың көлемімен және оларды қаржыландыруға арналған аударымдардың барлық макроэкономикалық көрсеткіштермен (жалпы ішкі өнім, еңбекке ақы төлеу қоры, халықтың табысы) арақатынасымен едәуір дәрежеде айқындалатын экономикалық тиімділік критерийі.**
-  **Олардың шегінде негізгі әлеуметтік ұстанымдар (өмір сүру деңгейі, ғылым, мәдениет, білім беру, медицина, экология) бойынша қаражат бөлінуге тиіс мемлекеттік ең төменгі стандарттарды есепке алу.**
-  **Әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру және әлеуметтік қорларды қалыптастыру үшін барлық қаржы-экономикалық факторларды пайдалану қағидаты экономикалық реформаның негізгі іс-шараларын (жекешелендіру, салық жүйесін жетілдіру, кредит беру және т.б.) әлеуметтік мақсаттарда пайдаланудың барынша мүмкін болатын дәрежесін білдіреді.**

Әлеуметтік жұмысты қаржыландырудың екі негізгі әдісі бар

Тікелей
қаржыландыру

- әлеуметтік жұмысты қаржыландыруға бағытталған кезде тікелей қаржыландыру

Жанама
қаржыландыру

- жеңілдікті салық салу, жеңілдікті кредит беру, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің әлеуметтік маңызы бар түрлеріне жеңілдікті баға белгілеу арқылы ақша қаражатын алуды азайту түрінде жанама қаржыландыру.









- Әлеуметтік жұмыскерлерді қаржыландыру екі түрде жүреді. Яғни, әлеуметтік жұмысты қаржыландыруға бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат пайдаланылады. Бүгінгі тақырыпқа сай мен екі елді қарастыруды жөн көрдім. Бірі өз еліміздің әлеуметтік жұмыс саласын қаржыландыруды анықтау мақсатында, екіншісі көршілес Ресей Федерациясының әлеуметтік жұмысты қаржыландыру жағдайын Қазақстанмен салыстыру мақсатында.



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Әлеуметтік жұмыс ұғымы елімізде КСРО кезінен-ақ кең тараған. Әлеуметтік жұмысқа тікелей қатысы бар “әлеуметтік сақтандыру” “әлеуметтік қамтамасыз ету” ұғымдары 1921 жылдан бастап қолданыла бастады. 1922 жылдан бері “Әлеуметтік қамтамасыз ету” түсінігі өзгеріп, енді ол “Материалдық қамтамасыз ету және қызмет көрсетудің мемлекеттік жүйесі” деп атала бастады. Бұл жұмыстар мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар есебінен атқарылады. Онда егде жастағы, науқас болған, еңбек ету қабілетін жоғалтқан, көп балалы отбасы мүшелері болған әрбір КСРО азаматына жәрдем көрсетілуі айтылған еді. Зейнетақымен және жәрдемақымен қамтамасыз ету жұмыстарына ерекше көңіл бөлінген. Бірнеше мемлекеттік емес зейнетақылық сақтандыру қорлары түзілген. 1922 ж. бастап қауіпті өндірісте жұмыс істейтін адамдарды қорғау және реабилитация жасау заңы іске қосылады. Алғашқы мемлекеттік сақтандыру қоғамдары мен компаниялары пайда болды. Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі заңындағы “еңбекшілер” деген сөз “тұрғындар” деген сөзбен алмастырылды. Жетімдер, жесірлер, мүгедектер, науқастар, көп балалы аналар, жұмыссыздар мемлекет қамқорлығына алынды. 1929 ж. әлемде ең алғаш болып КСРО үкіметі барлық еңбекшілерді, еңбекке түрлі деңгейде қабілетін жоғалтқан адамдарды және жұмыссыздарды толық әлеуметтік қамтамасыз етуді заң жүзінде орнатты.

Денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері

1. Денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері:

1) бюджет қаражаты;

әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері;

2) ерікті медициналық сақтандыру қаражаты;

3) ақылы қызметтер көрсетуден алынған қаражат;

жеке және заңды тұлғалардан ерікті қайырмалдықтар ретінде түскен қаражат;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер болып табылады.

2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру тәртібі мен әдістемесін уәкілетті орган айқындайды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді уәкілетті орган бекітеді.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының заңнамалық және құқықтық ақпараттық институтының мәліметіне назар аударсақ, әлеуметтік жұмысты қаржыландырудың бірнеше тәртібін көрсетеді. Атап өтсем:

Әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмыссыздарға төленетін еңбек ақыға заңмен бекітілген тәртіп бойынша салық салынады.



Әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмыссыздардың еңбек ақысын, жұмыс беруші, еңбек келісім шартында көрсетілген тәртіп бойынша және атқарылған жұмыстың сапасы мен санына қарай ай сайын төлеп тұрады.



Әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмыссыздардың еңбек ақысы нақты орындалған жұмыс көлеміне қарай төленеді.



Жұмыс берушілер жергілікті бюджеттен түскен түсімдерді әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмыссыздардың еңбек ақысына жұмсаған шығындарының орнын толтыру үшін пайдаланады.



Жұмыс берушінің жұмыссыздарға төлейтін төлем ақы шығыны әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналастырылғандарға жергілікті бюджет қаржысынан алты айға дейін орта есеппен жалақыны ішінара толықтырады, бірақ Республика бойынша бекітілген ең аз еңбек ақыдан кем болмауы керек. Жергілікті бюджеттен қаражат жұмыс берушілердің есеп шотына аударылады.

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Мемлекеттік бюджет аясында әлеуметтік жұмысты қаржыландыру федералды бюджеттен, федерация субъектілерінің бюджеттерінен және муниципалды бюджеттерден жүзеге асырылады. Негізгі мемлекеттік бюджеттен, мемлекеттен тыс бюджеттен және мемлекеттік емес қаржыландыру көздері туралы айта өткім келеді.

Федералды бюджеттен аумақтық бюджеттерге және бюджеттен тыс қорларға әлеуметтік шығыстардың барлық дерлік баптары бойынша қаражат қайта бөлінді. Мемлекеттік тарату механизмінің көмегімен күшті аймақтар әлсіздерге көмектеседі. Ресей Федерациясының 89 субъектісінің 70-тен астамы қаржылық қолдау алады.

Ресейде аймақтарды қаржылық қолдау қоры құрылды. Федералды бюджеттен қаражат "жетім балалар", "мүгедек балалар", "Солтүстік балалары", "отбасын жоспарлау" және т.б. федералды және аймақтық бағдарламалар шеңберіндегі бағыттар бойынша бөлінеді. Әскери қызметкерлерге зейнетақы төлеуге, халықты әлеуметтік қорғаудың басқа шараларына да қаражат бөлінеді. Әлеуметтік қорғауға арналған бюджет қаражатының негізгі көлемі өңірлік және жергілікті бюджеттер арқылы өтеді. Олар қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерді салуға және күтіп-ұстауға, мүгедектерді жүріп-тұру құралдарымен, протездермен қамтамасыз етуге, оларды оқытуға және жұмысқа орналастыруға, санаторий-курорттық көмек көрсетуге, тұрмысы төмен, көп балалы отбасыларға, жалғыз басты аналарға әлеуметтік көмек көрсетуге және т. б. пайдаланылады.



Халықты әлеуметтік қолдаудың федералды және аумақтық қорларының қаражаты әлеуметтік жұмыстың келесі түрлеріне қолданылады:



бірінші кезекте қажетті заттар түрінде тегін немесе жеңілдікті бағамен көмек көрсету

үйсіз азаматтардың баспанасын қамтамасыз ету

еңбекке қабілеттілігі шектеулі азаматтар үшін қосымша жұмыс орындарын құру



коммуналдық қызметтерді төлеу

дәрі-дәрмектерді, протездік-ортопедиялық бұйымдарды сатып алуға дотациялар беру

Ресей аймақтарының көп балалы және аз қамтылған отбасыларға, жетім балаларға, мүгедек балаларға көмек көрсету бағдарламаларын қаржыландыру

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Мемлекеттік емес қаржыландыру көздері

Жеке және қоғамдық қайырымдылық қорлары қаржыландырудың маңызды көзіне айналууда. Олардың қаражаты мынадай көздер есебінен қалыптастырылады:



азаматтар мен заңды тұлғалардың ақшалай және заттай нысандағы қайырымдылық жасаулары

барлық деңгейдегі бюджеттерден және бюджеттен тыс қорлардан түсетін түсімдер

заңмен рұқсат етілген кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер

қайырымдылық ұйымы құрған шаруашылық қоғамдарының қызметінен түсетін кірістер

Қайырымдылық ұйымдары экономиканың "үшінші секторына" кіреді. Олардың басым бөлігі мүгедектерге, көп балалы және толық емес отбасыларға көмек көрсетеді.

Әлеуметтік жұмысты қаржыландыру әлі де біраз өзгерістерді, міндеттерді қажет етеді. Сол себепті, қаржыландыруды жетілдіру жөніндегі бірнеше міндеттерді көрсеткім келеді.



Әлеуметтік жұмысты қаржыландыруды жетілдіру жөніндегі міндеттер:



Әлеуметтік қорғауға бағытталған қаражаттың жұмсалуды басқаруда үйлестіруді күшейту.

Әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға жұмсалатын шығындардың құрылымын өзгерту, шығыстар ауыртпалығын мемлекет, жұмыс беруші және еңбекшілер арасында неғұрлым тең бөлу.

Мемлекеттің командалық рөлін шектеу, бюджеттен тыс қорлардың рөлін арттыру, әлеуметтік қызметтердің Кәсіпкерлік қызметін кеңейту.

Германиядағы әлеуметтік жұмыс мәртебесінің тармақтылығын және прагматизмін сипаттайтын маңызды ережелер мыналар:



Германиядағы әлеуметтік жұмыс әлеуметтік мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды құралы ретінде институтталған.

Әлеуметтік жұмысты жүргізушілер мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар, жеке тұлғалар болып табылады.

жұмыссыздар үшін кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру, қайта даярлау және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру

табысы аз азаматтарға жататын жұмыссыздарға заң актілеріне сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету.

қоғамдық жұмыстарды істейтін жұмыссыздардың еңбегіне ақы төлеу



Денсаулық сақтауды қаржыландыру экономикалық өсудің негізі

- ▶ Әр мемлекеттің денсаулық сақтау секторы экономика құрылымының үлкен материалдық, қаржы және адами ресурстарын тұтынады. Мемлекеттің денсаулық сақтауға бөлген үлкен шығындары - бұл елдің бюджеттік шығын бөлігі емес, бұл алдымен экономикалық қайтарым әкелетін инвестициялар екенін түсінуіміз қажет. Денсаулық сақтауды қаржыландырудың оптималды моделі Қазақстан үшін - нарықтық қатынасы бар бюджеттік модель. Бұл тұрғындарды тәуелсіз жалпыға бірдей медициналық көмекпен қамтуға және қажеттілікке мүмкіндік береді, тұрғындардың осал топтарын жоғары деңгейде қорғауды қамтамасыз етеді, медициналық қызметтің еңбек мотивациясының механизмін дамытуға да мүмкіндік береді.
- ▶ Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған "Саламатты Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының "Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі шеңберінде денсаулық сақтауды басқару және қаржыландыру, ұйымдарды жетілдіру" деп аталатын 4-ші тармағына сәйкес, мемлекетте емделушінің мүддесі үшін денсаулық сақтау моделі құрылды.

ДЕНСАУЛЫҚСАҚТАУ



БӨЛІНДІ **31,1** млрд. тенге

2015 жылы **12** нысанға күрделі жөндеу жасалды

2014 жылмен салыстырғандағы көрсеткіштер

Өмірдің ұзақтығы	↑	1,2%
		72 жас
Бастапқы ауруы	↓	4,4%
Қанайналым жүйесінің аурулары	↓	2,4%
Онкологиялық аурулар	↓	6,4%
Туберкулезбен ауру	↓	13,1%

«Каннам Северанс» Оңтүстік Корея госпиталымен:

- дәрігерлерді және тағылымдамадан өтушілерді ауыстыру;
- мастер-класстар, ғылыми конференциялар өткізу, қиын диагностикалық жағдайларда бірігекен консилиум ұйымдастыру және телемедицина тәсілімен емдеу әдісін таңдау бойынша ынтымақтастық реттелді.

М.Оспанов атындағы медициналық университетінің, онкологиялық орталықтың және «Дару» клиникасының базасында **медициналық кластер** құрылатын болады.

- ▶ Медициналық көмек көрсетудің сапасын жақсарту және оның қолжетімділігін арттыру нәтижесінде бірқатар жұқпалы және басқа да ауруларға қатысты халық денсаулығының жай-күйінде оң үрдістерге қол жеткізілді. Алайда республика халқының денсаулық жағдайы өлшемінің
- ▶ Қазақстанда медициналық мекемелердің 80 % мемлекеттік меншікте болса, ал 20% жеке меншікте, демек, медициналық сұрақтарда мемлекет басты роль ойнайды. 17 миллион халқымен Қазақстанның нарық медициналық сыйымдылығы 500 миллион АҚШ долларының сомасына бағаланады. көптеген бөлігі қанағаттанғысыз болып отыр.

ЕНБЕК.KZ-ПЕН БІРГЕ

ӨЗ ДАҒДЫЛАРЫҢДЫ ЖЕТІЛДІР!

ӨЗ КУРСЫҢЫЗДЫ
ТАБЫҢЫЗ

Кәсіптік саланы таңдаңыз

Кәсіптік саланы таңдаңы

Кәсіпті таңдаңыз

Кәсіпті таңдаңыз

Дағдыны таңдаңыз

Дағдыны таңдаңыз

Қолдану

БІЗДІҢ КӨРСЕТКІШТЕР



14073

ПАЙДАЛАНУШЫ



152

АВТОРЛАР



103

КУРСТАР

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ КЕЗІНДЕ



123 МЫҢ АДАМ
ТЕГІН КУРСТАРҒА ЖІБЕРІЛДІ
ОНЫҢ ІШІНДЕ:



- КӘСІБИ ДАЯРЛАУҒА **62** МЫҢ АДАМ



- ҚАЙТА ДАЙЫНДЫҚҚА **50** МЫҢ АДАМ



- БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУҒА **11** МЫҢ АДАМ



118 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ОҚУДЫ АЯҚТАДЫ



ОНЫҢ ІШІНДЕ **103** МЫҢНАН АСТАМ АДАМ

ЖҮМІСКЕ ОРНАДАСТЫРЫЛДЫ НЕМЕСЕ **87%**



«БИЗНЕС ТІЖ ЖОЛ КАРТАСЫ 2020» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ



3
ЖОБА



70,3 МЛН.
ТЕҢГЕ

«ҚОЖАНОВ» ШҚ

«АВТОКӨЛІК САТЫП АЛУ»

«ГОСИНЖИНИРИНГ» ЖШС

«АЙНАЛЫМ ҚАРАЖАТЫН
ТОЛЫҚТЫРУ»

3,5 МЛН. ТЕҢГЕ

4,0 МЛН. ТЕҢГЕ

63,0 МЛН. ТЕҢГЕ

ГРАНТ ТЕТІГІ БОЙЫНША
13,9 МЛН. ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН



19 ЖОБА
ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛДЫ



**231 АДАМ «БИЗНЕС КЕҢЕСШІ»
ТЕТІГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА
ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕР
ПАЛАТАСЫНЫҢ СЫРДАРИЯ
АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ АРҚЫЛЫ
ОҚЫТЫЛДЫ.**





5 мыңнан астам
отбасы тегін баспана алды
оның ішінде:



30% отбасы
жеке тұрғын үй



70% отбасы
көп пәтерлі
тұрғын үй



7 мың



2017
жылдың
басынан
бастап



327 676
адам
келді



50.7%
қалада



49.3%
ауылда



38.6%
ерлер



әйелдер
61.4%



әрбір
2-ші
адам
16-28 жаста



100 18-і
адамның

жұмыс
істейтіндер



100 46-сы
адамның

жұмыссыздар

8,5%
мектептер



100 36-сы

оқушылар,
мүгедектер

39%

Келген түлектер



52,5%
колледждер

Өткен жылдың шілде айында skills.enbek.kz онлайн режимде кәсіптік оқыту платформасы (бұдан әрі – Платформа) іске қосылған сәттен бастап 7,4 мыңнан астам азамат, оның ішінде 5,4 мың жұмыссыз курстан өткені туралы сертификат алды. Платформада 13,4 мың қазақстандық тіркелді.

Бұл ретте 5,4 мың жұмыссыз азаматтың 2,3 мыңы – негізінен Қызылорда, Батыс Қазақстан, Түркістан, Атырау және Ақтөбе облыстарының жастары.

Әлеуметтік әріптестік

Халықаралық ынтымақтастық

Еңбек және еңбекке ақы төлеу

Жұмыспен қамту

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау

Зейнетақымен қамтамасыз ету және әлеуметтік сақтандыру

Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қызметтер

Көші-қон

Бизнесті мемлекеттік қолдау

ДЭФ Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі

Әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру

Ұлттық біліктілік жүйесі

Қорытынды: Қазақстан, Ресей және Германия елдері арасындағы салыстырмалы талдау

Жалпы көрсеткіштер бойынша үш елде бірнеше айырмашылықтар және бірдей маңызды міндеттер мен мақсаттардың барын көре аламыз. Негізінде Қазақстан мен Еуропа елдерінің,соның ішінде Германияның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайында, жалақысында, зейнетақысында айырмашылықтар көп. Мысалы, зейнетақы орташа жалақының 62 %,Францияда 50% құраса,Қазақстанда ол 33% құрайды.Мұнда,Қазақстан менЕуропа елдеріндегі зейнетақы жүйесінде ұқсастықтар болғанымен, бөлінген зейнетақы мөлшері бойынша айырмашылық көп. Менің ойымша, біздің еліміздің мүмкіндіктері анағұрлым көбірек.Бізге соны тиімді түрде, ұтымды пайдалана білу қажет.Әрине, ол үшін әлеуметтік жұмыс саласына қаржы құйып, салықтың негізгі көздерін аз мөлшерде көбейту қажет деп ойлаймын. Қарастырылған үш елде де барлық міндет – жұмыспен қамту, жұмыссыздар санын азайту, халыққа көмек көрсету.Әрине, осы секілді әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер қаралынғаны орынлы. Ресей Федерациясындағыдай қаржыландыру көздері мемлекеттік, мемлекеттен тыс, жеке болып көбейіп, қолдауы көрсеткені өте тиімді деп ойлаймын. Негізі, Қазақстан мен Ресей саясаты бір-біріне ұқсас, соған орай менің ойымша, біз батыстық экономикалық тәсілдерді де қарастырып көргеніміз жөн. Батыс Еуропа елдерінде өмір сүру деңгейі әлдеқайда жоғары. Алайда, Қазақстанның демографиялық мүмкіндіктерін ескерсек, басып озуға әбден болады.

НАЗАР АУДАРЫП,
ТАМАШАЛАҒАНЫҢЫЗҒА РАХМЕТ,

